

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойғал

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімінің 2017 жылғы 15 мамырдағы № 69 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 мамырда № 5837 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 70 шешімімен

Ескерту Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімінің 05.06.2017 № 70 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, “Азаматтық қорғау туралы” Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына, 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, “Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына және Қармақшы ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысының 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 2 хаттамасына сәйкес Қармақшы ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Жаңажол, Қармақшы ауылдық округтері және Жосалы кентінің аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Ж.Суйеубаев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2017 жылдың 28 сәуірінен бастап пайда болған қатынастарға таралады.

Қармақшы ауданының әкімі

С. Мақашов